

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 19 наурыздағы № 25-02-01/115 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 11 сәуірде № 7551 тіркелді.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е. Нысанбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м. а.

Е. Аман

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрдің м. а.
2012 жылғы 19 наурыздағы
№ 25-02-01/115 бұйрығымен
бекітілген

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидалары және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес әзірленді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ынталандыру мен құрметті атақтар, төс белгілерін және Құрмет грамоталарын беру тәртібін айқындайды.

2. "Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағымен, I, II, III дәрежелі "Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төс белгісімен және Құрмет грамотасымен:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – Комитет) мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдары;

2) Комитеттің қарауындағы ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметкерлері;

3) үкіметтік емес ұйымдар;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту саласындағы ғылыми және өзге де қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлері марапатталады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағы (бұдан әрі - құрметті атағы) Қазақстан Республикасының биологиялық әртүрлілігін сақтау және молықтыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға елеулі үлес қосқан, сондай-ақ бұл саласының лауазымдарда кемінде 15 жыл мінсіз және толассыз жұмыс істеген жоғары білікті мамандарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы белсенді ынтымақтастығы және ғылыми талдамаларды өндіріске енгізгені үшін беріледі.

Құрметті атақ осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес үлгісі бойынша төс белгімен белгіленеді.

4. "Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісінің (бұдан әрі – төсбелгі) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі үш дәрежесі бар, оның ең жоғарғысы бірінші болып табылады.

Төсбелгісімен марапатталуға осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген, биологиялық әртүрлілікті сақтау мен көбейтуді қамтамасыз етуде, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы белсенді ынтымақтастық жасауда және ғылыми талдамаларды өндіріске енгізуде табыстарға қол жеткізген, сондай-ақ бұл саласының лауазымдарда мінсіз және толассыз жұмыс істеген қызметкерлердің кандидатуралары:

кемінде 5 жыл – III дәрежелі төсбелгісіне;

кемінде 10 жыл – II дәрежелі төсбелгісіне;

кемінде 15 жыл – I дәрежелі төсбелгісіне ұсынылады.

5. Комитеттің, осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысаны, Құрмет грамотасымен саналы жұмысы, кәсіби шеберлігі, сала алдына қойылған міндеттерді шешуге жеке үлес қосқан және осы ұжымда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар қызметкерлер, сондай-ақ жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін еңбек ұжымдары марапатталады.

6. Құрметті атақтармен, төсбелгілермен және Құрмет грамоталарымен марапаттау Комитет төрағасының бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Құрметті атақтармен, төсбелгілермен және Құрмет грамоталарымен марапаттау жөніндегі ұсыныстарды қарау және дайындау үшін Комитетте комиссия (бұдан әрі –

Комиссия) құрылады, оның құрамына Комитеттің қызметкерлерінің кемінде 5 адам кіреді.

8. Құрметті атағын, төсбелгімен наградтау және көтермелеуді ұсыну туралы шешімді Комиссия көпшілік дауыспен, ашық дауыс беріп қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

9. Ынталандырудың ресми мәтіні мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады.

2. I, II, III дәрежелі төсбелгілермен және олармен марапатталған тұлғалардың мәртебесі

10. Төсбелгілер кеуденің оң жағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан төмен тағылады.

11. Қызметкердің еңбек кітапшасы мен жеке ісіне марапаттау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетіліп, тиісті жазба жасалады.

3. Құрметті атақпен, төсбелгісімен және Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсыну тәртібі және оларды тапсыру

12. Құрмет атағымен, төсбелгімен және Құрмет грамотасымен марапаттауға осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес ұсынымды:

1) Комитеттің құрылымдық бөліністері мен оның аумақтық органдарының;

2) облыстардың жергілікті атқарушы органдарының;

3) табиғат қорғау ұйымдарының;

4) үкіметтік емес ұйымдардың;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту саласындағы ғылыми және өзге де қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдардың басшылары Комитетке жолдайды.

13. Ұсыным туралы (бұдан әрі – ұсыным) Комитетке, тиісті құжаттардың және жұмыстардың көшірмелерін қоса беріп, мерекелік, мүшелтойлық күндерге дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберіледі.

14. Марапаттау туралы ұсынымда марапатталушының жеке басын сипаттайтын деректер, ұйымдардағы жалпы жұмыс өтілі, нақты сіңірген еңбегі және жұмысының тиімділігі мен сапасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

15. Қызметкерлер мен еңбек ұжымдарын ынталандырудың барлық түрін есепке алып отыруды Комитеттің кадр қызметі жүзеге асырады.

16. Құрметті атақтарды, төсбелгілерін және олардың куәліктерін, сондай-ақ Құрмет грамоталарын тапсыру марапатталушы тұлға жұмыс істейтін Комитетте немесе ұжымда жүргізіледі.

17. Құрметті атақ, төсбелгі, Құрмет грамотасын тапсыру кезінде осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша хаттама толтырылады.

18. Құрметті атақ белгісі мен төсбелгі осы куәліксіз жарамсыз. Куәліктің сипаттамасы осы Қағиданың 6-қосымшасында көрсетілген.

4. Қорытынды ережелер

18. "Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағымен, сондай-ақ белгілі бір дәрежедегі төсбелгісімен екінші қайтара марапаттауға жол берілмейді;

"Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" белгісі, төсбелгісі немесе Құрмет грамотасы жоғалған жағдайда көшірмелері берілмейді.

Ерекше қорғалатын табиғи
аумақтар саласында ынталандыру
мен құрметті атақтар, төсбелгілерін және
Құрмет грамоталарын беру тәртібі
қағидасына 1-қосымша

"Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағына төсбелгісінің үлгісі



"Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағына төсбелгі емен жапырақты екі бұтақтан өрілген сопақша венка пішінді. Бұтақтардың ұштарына төменгі жағынан лента оралған. Венканың ортасында құрметті атақтың атауы жазылған өрнекті жазба орналастырылған. Жазбаның төбесінде – Қазақстан Республикасының елтаңбасы. Жазбаның астында терек жапырағы мен ұшып бара жатқан бүркіт бейнеленген. Белгінің сырт жағы дөңес. Барлық суреттер мен жазба бедерлі. Белгінің сыртқы жағында – киімге бекітетін винт.

Белгінің мөлшері: биіктігі – 40 миллиметр, ені – 30 миллиметр, күмістен жасалады. Төсбелгінің сыртында (реверс) тіркеу нөмірі ойылған.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ынталандыру мен құрметті атақтар, төсбелгілерін және Құрмет грамоталарын беру тәртібі қағидасына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің I, II, III дәрежелі "Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісінің үлгісі

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



I, II, III дәрежелі "Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісі (бұдан әрі – төсбелгісі) диаметрі 34 миллиметр металл шеңбер (бұдан әрі – шеңбер) болып табылады, онда стильді үш элемент: терек жапырағы, ұшып бара жатқан бүркіт және су бейнеленген, оның ішінде ақ түсте "Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" деген бедерлі жазу бар.

Терек жапырағы орманды бейнелейді және терек жапырағының бейнесі Қазақстанның бүкіл аумағында өсетін теректі білдіреді.

Ұшып бара жатқан бүркіт Қазақстанның жануарлар дүниесін бейнелейді, сондай-ақ биологиялық әртүрліліктің сақталуына бақылауды білдіреді.

Су тамшысы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі өмірінің негізін, сондай-ақ ормандардың су қорғау рөлін білдіреді.

Шеңбер тартпа мен сақинаның көмегімен мөлшері 55x34 миллиметр қалыпқа бекітілген, ол жасыл матамен керілген, саны белгінің дәрежесін білдіретін алтын түсті жолақтары бар алтын жиектемемен көмкерілген.

Құрметті төсбелгісі мыс-никель құймасынан жасалады.

Төсбелгінің сыртында (реверс) тіркеу нөмірі ойылған.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ынталандыру мен құрметті атақтар, төсбелгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібі қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ	Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан Комитет лесного хозяйства и животного мира ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА НАГРАЖДАЕТСЯ
М А Р А П А Т Т А Л А Д Ы Төраға Астана 20__	Председатель Астана 20__

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында ынталандыру мен құрметті атақтар, төсбелгілерін және Құрмет грамоталарын беру тәртібі қағидасына 4-қосымша

Нысан

**Құрмет атағымен, төсбелгілермен иеленуге, ынталандыруға
ұсыным**

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Туған күні _____
3. Білімі _____

(ЖОО атауы және оны бітірген күні)

4. Жұмыс орны, атқаратын қызметі _____

5. Жалпы жұмыс өтілі, саладағы жұмыс өтілі, осы еңбек ұжымындағы жұмыс өтілі _____

6. Тәртіптік жазасы бар ма _____

7. Мінездеме _____
(сіңірген нақты еңбегі көрсетіліп)

("Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" атағы, I, II, III – дәрежелі "Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісі, Құрмет грамотасы) ұсынылады.

Басшының қолы _____
М.О.

Ерекше қорғалатын табиғи
аумақтар саласында
ынталандыру мен құрметті
атақтар, төсбелгілерін және
құрмет грамоталарын беру
тәртібі қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**"Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағын, I, II, III дәрежелі
"Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісін және Құрмет
грамотасын
тапсыру және марапаттау хаттамасы**

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР
Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

(қаланың (селоның) атауы, тапсырылған күні, айы, жылы)

Мен, _____

(Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және

жануарлар дүниесі комитетінің 20__ жылғы " __ " _____ № __ бұйрығына сәйкес

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және

жануарлар дүниесі комитетінің атынан: _____

("Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" атағы, I, II, III дәрежелі "Биоәртүрлілікті сақтау

ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісі, құрмет грамотасы)

тапсырдым.

(марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Ұйым басшысы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы және ұйымның мөрі)

Комиссия хатшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы:

Ерекше қорғалатын табиғи
аумақтар саласында
ынталандыру мен құрметті
атақтар, төсбелгілерін және
құрмет грамоталарын беру
тәртібі қағидаларына
6-қосымша
Нысан

"Қорық ісінің еңбек сіңірген қызметкері" құрметті атағы белгісі, I, II, III дәрежелі

"Биоәртүрлілікті сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісі куәлігінің сипаттамасы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Куәлік көлемі 100 х70 миллиметрлік жасыл түсті бүктемелі кітапша түрінде жасалып,

мундиор материалынан орындалады.

Сыртқы бетінде ортада Қазақстан Республикасының елтаңбасы, төменгі жағында мынадай жазба бар:

Куәлік

Удостоверение

Ішкі сол жақ жапсырмада мынадай жазбалар бар:

жоғарғы жағында – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті

Комитет лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан.

Куәлік № _____

Удостоверение

Парақ ортасында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман

шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің эмблемасы.

Оң жақ жапсырмада мынадай мазмұндағы жазба бар:

Осы куәлік ол _____

_____ (құрметті атақпен немесе төсбелгімен)

Тіркеу нөмірі _____

_____ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту саласындағы биологиялық әртүрлілікті

сақтауда және көбейтуді қамтамасыз етудегі табыстары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

саласындағы белсенді ынтымақтастық және ғылыми әзірлемелерді енгізгені үшін марапатталғаны жөнінде берілді.

Төраға _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

_____ (марапатталған күні, айы, жылы)

(мөр орны (бар болған жағдайда))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК